Ғ. Ә. ҚАМБАРБЕКОВА, К. Ө. ТОРЛАНБАЕВА

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҮДЕРІСТЕР
(*тарихи шолу*)

Орталық Азия тарихындағы түрік халықтарының өзара қарым-қатынас тәжірибесін ғылыми-теориялық тұрғыдан сарапқа салу қажеттілігі отандық тарихшылардың ғылыми жұмыстарының өзектілігін арттыра түседі. Аталмыш мақалада Орталық Азия халықтарының өміріндегі саяси, этникалық, экономикалық, тарихи, мәдени, діни және дүниетанымдық өмірін қамтыған тарихи және мәдени үдерістерді жан-жақты қарастырып, сараптайтын боламыз. Себебі біздің ойымызша, тарихи-мәдени процестер әдетте осы аймақта өмір сүретін халықтың ерекшелігіне қарай тарихи даму кезеңдері мен табиғатына тән қоғамның дамуын көрсетеді.

Түрік қағанаты тұсындағы тарихи-мәдени үдерістердің Орталық Азия тарихындағы бұл дәуірге дейінгі тарихи оқиғалардан біршама айырмашылығы болды. Сол айырмашылықтардың бірі – түркі-соғды симбиозы еді. Түркі-соғды симбиозынан ерте орта ғасырлардағы Орталық Азиядағы қоғамның ішкі және сыртқы даму динамикасы айқын көрініс тапқан болатын.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы әлемдік археологиялық жаңалықтар кезіңінен бастап, Орталық Азия аймағы көптеген ғалымдардың түбегейлі зерттеу нысанына айналды. Ал отарлау жүйесінің күйреуімен бірге бұл аймақтағы халықтардың этникалық тарихын зерттеу отандық ғалымдар үшін де, шетелдік ғалымдар үшін де маңызды тақырыпқа айналып отыр.

Түркі-соғды қарым-қатынасын соңғы екі жүз жылда Германия, Франция, Англия, Голландия, Жапония және т.б. елдердің ғалымдары, яғни әлемдік ғылыми-зерттеу орталықтары ыждағатты түрде зерттеп келеді. Бұл зерттеу жұмыстарында танымал түркітану және ирантану мектептері ерекше көзге түседі. Осы мектептердің зерттеу жұмыстарының ішінде түрлі ғылыми сараптама жасау жұмысы дамып, Ұлы Жібек жолындағы сауда-шаруашылық қарым-қатынасы мен саясат, тарих, жазу, тіл, өнер, дін және т.б. мәселелер жеке қарастырылып, арнайы зерттелуі жолға қойылған.

Францияның мықты ирантану мектептері Орталық Азия халықтарының өзара қарым-қатынасы туралы көптеген тамаша зерттеу жұмыстарын жасады. «Археология дәптері» (Dossiers d`archeologie), журналының беттерінде Соғды мен Самарқандтың тарихы көне дәуірден бастап сипатталған. Бұл журналдың материалдары еуропалық және ортаазиялық зерттеушілердің тынымсыз ғылыми жұмыстарының нәтижелерін қамтиды. «Мал шаруашылығымен айналасатын тайпалар мен тау бөктері және дала көшпенділері» атты мақалада (авторлары Ж. Кодини, Г.-П. Франкфорт, К. Рапин және Ж. Валль-Раевски) Қашқадария мен Янгирабат жазығындағы оңтүстік қорғандарына жүргізілген қазба жұмыстарына сай, осы жерлерде өмір сүрген көшпелі сақ, сақарауқтар, қаңлылар мен юэчжейлердің Соғды тарихынан алатын орны зерттелді (Codini, Francfort, Rapin, Vallee-Raewsky, 2010, 36-39 бб.). Осы тұрғыда А. Бердімұрадова мен С. Мантеллинидің зерттеу жұмыстары өте қызықты. Олар Кафыр-кала қалашығына жүргізілген жүйелі итальян-өзбек археологиялық экспедициясы шеңберінде жасалған болатын. Бұл жерде Самарқандқа барар жолдағы стратегиялық мәні бар өзінше бір бақылау бекеті ретінде пайдаланылған сарайдың орны табылған. Бұл сарай Даргон каналының сол жағалауында Афрасиаб қалашығынан оңтүстік-шығысқа қарай 11,5 км орналасқан (Berdimuradov, Mantellini, 2010, 47 б.). Күлтөбеден (Оңтүстік Қазақстан) табылған тасқа қашалған жазулардың әр кезеңдерде табылуы, Н. Симс-Уильямстың оқуына сүйенсек, ең ерте кезеңдегі соғды жазуы болып табылады. Күлтөбеден табылған тас жазбаларда Самарканд, Кеш, Нахшаб және Бұхара билеушілерінің «әскер көсемі», яғни көшпенділердің көсемімен қарым-қатынасы әңгіме болады (Sims-Williams, 2009, 153-172 бб.). Оңтүстік Қазақстанда, Күлтөбе аумағында көшпелі және отырықшы халықтардың маңызды шекараларының бірі өткен, яғни қаңлылар, сақтар мен т.б. тайпалардың соғдылармен шекарасы. Бұл шекара аймақ екі жауласушы топқа бөлінгендікті білдірмейді, керісінше, осыншама «архив мағлұматы» құрылған мәдениет ошағы болғандығын көрсетеді. «Канцзюй» термині – ежелгі ирандық «канг» сөзінің қытайша атауы. Бұл атау «Авеста», «Махабхарата», «Шах-нама» секілді жазба деректерде кездеседі. Соңғы дереккөзде кездесетін мәліметтер хандар жылнамаларында кездесетін мәліметтерді қайталайды. Ал Канг сөзімен Тұранға қатысты барлық мәліметтер байланысты.

Түркі қағанаты дәуірінде қалыптасқан түрік-соғды симбиозы өткен ғасырлардан бері келе жатқан ортаазиялық көшпенді халықтардың отырықшы елді-мекендермен арадағы объективті қарым-қатынасына негізделген. Заравшан өзені жазығы юэчжийлердің көші-қоңы кезеңі мен Кушан патшалығы кезінде-ақ өзара қарым-қатынастың орталығына айналған болатын. Француз зерттеушісі Э. де ля Вэссиердің «Соғды саудагерлерінің тарихы» (История согдийских торговцев) монографиясында Ұлы Жібек жолында қалыптасқан түркі-соғды симбиозын барынша ашып көрсетуге бағытталған. Десек те зерттеуші бұл еңбегінде көне заманнан бастап, Осман империясы тұсына дейінгі соғды саудагерлерінің тарихына басты мән берген (De La Vaissiere, 2004). Бұл журналда тура осы автордың Орталық Азиядағы көшпелі халықтардың тарихынан Соғдының алатын орнына арналған тағы да бір мақаласы жарық көрген (De La Vaissiere, 2010, 48-50 бб.). Ғұндар дәуірінен эфталиттер кезеңіне дейін Соғды өзінің тарихы мен геосаясатында ең басты орын алған жоғары отырықшы мәдениеттің ошағы болып саналды. Соғдылықтар V ғасырдан бастап солтүстік бағытқа қарай Бактрия мен Иранның мәдениетін Ташкент пен Жетісуға таратушылардың ролін атқарды. Соғдылықтардың отарлап алған жерлерінің біріне салынған Навакат (*соғды.* жаңа қала) қаласында өзіндік ирригациялық жүйе болатын. Бұл қаланың көлемі 20 км, ал тұрғындары саудамен, шапқыншылықпен және ауыл шаруашылығымен айналысатын болған. Сонымен қатар бұл қаланың барлық тыныс-тіршілігі Ұлы Жібек жолы бойындағы саудамен тығыз байланысты болды. Сондықтан осы кезеңде бұл аймаққа көшпелі халықтардың бірте-бірте отырықтануы басталса керек. Көптеген көшпелі халықтар Орталық Азия аймақтарының отырықтануынан қауіптенетін. Себебі әскери және саяси оқиғалардың бәрі де осы көшпелі мемлекеттерге тікелей қатысты болатын. Бұл мәселе Соғды халқын 560 жылы ирандық және түркілік тұрғындарға бөлген кезде, оның этникалық құрамына әсер етті. Саяси тұрғыдан Соғдының билік басында түріктер тұрды, ал бірақ соғдылар өзінің аймағы мен онымен көршілес аймақтардағы экономикалық өмірді уысында ұстады, атап айтқанда, Жетісудағы экономикалық тыныс-тіршілік соғдылардың қолында болды. Соғдылар түріктерге бағынатын және салық төлейтін. Қытайдағы Тан империясы VII ғасырдың ортасында Түрік қағанатын жойғаннан кейін, Соғдының да билігіне ие болуға тырысады. Егер Тан империясы Жетісуды жаулап алғанда, онда Ташкентке де билік етуі мүмкін еді. Бірақ түріктер мен соғдылар арасында билік басындағы әулеттердің ұсынысымен неке құру басталады. Бұл бір өзінше отырықшы және көшпенді мәдениеттің араласқан, ортақ одаққа алып келді және осы жерден аралас өркениет пайда болған болатын. Міне осыны біз түрік-соғды симбиозы деп атаймыз. Түрік империясына соғдылықтардың кіруі бүкіл Орталық Азия үшін өте маңызды құбы-лыс болатын. Сондықтан соғдылықтар түріктердің тарихында қала тұрғындары ретінде сақталды.

Сонымен Орталық Азияның түріктер кезеңінде қалыптасқан тарихнаманы қарастыра отырып, біз түрік-соғды симбиозының Ұлы Жібек жолының қызметіне, Түрік қағанатының саясатына және билік басындағы әулеттердің байланысы мен мәдениетіне әсер еткендігі туралы айта аламыз. Түркі-соғды симбиозы түрік билеушілерінің отырықшы және жер өңдеуші қоғамдарға тигізген әсерінің деңгейі мен механизмдерін, Орталық Азия тарихындағы әскери билік беделінің аспектілерін, түркі және соғды саяси элиталық топтар арасындағы өзара қарым-қатынасын, Түрік қағанатының дамуындағы түріктер мен соғдылар арасындағы қатынастардың жағымды және жағымсыз жақтарын көрсетеді. Түркі-соғды симбиозының ерекшелігі ретінде Ұлы Жібек жолы бойындағы континенталды сауда жолының қызметін атап көрсетуге, ал олардың арасындағы қарым-қатынастың қарқынды дамуы осы сауда жолының қызметімен анықталады. Отырықшы және егін егуші қоғамдар арасындағы өзара қарым-қатынас бұрын-соңды болмаған этникалық, экономикалық, мәдени және т.б. Орталық Азияның ерте орта ғасырлардағы тарихын сипаттайтын үдерістерге алып келді.

Орталық Азия халықтарының тарихындағы тарихи-мәдени үдерістердің жаңа кезеңі араб жаулап алуы мен ерте исламдану болатын. Осы дәуірдің құжатқа негізделген жазба дереккөзі – «Тазкира-йи Буғра-хан». Бұл дереккөз қоғамның саяси, экономикалық және мәдени салаларын қамтыған, сол кезде пайда болған трансформациялық сипатты жан-жақты көрсететін бірегей жазба дереккөз (Grenard, 1900, 5-79 бб.). Махмұт Қашғаридың «Диван лұғат ат-түрк» шығармасы түрік әлемін, оның мәдениетін, тілін, диалектілерін, халқын бүкіл мұсылман әлеміне паш еткен өзіндік бір еңбек болатын. Біздің ойымызша, бұл еңбек нақты бір мақсатқа негізделіп жазылған. Себебі ислам діні Қарахандар әулеті тұсында билік басындағы әулеттің ұстанатын діні ретінде таралды. Бұл мақсатта яғни Орталық Азия тарихындағы жаңа трансформация бағытында XI ғасырда

бірінші, ең көне, түрік тіліндегі эпостық, этика-дидактикалық «Құтадғу білік» шығармасы дүниеге келді. Бұл шығарманы 1069 жылы Қашғарда Жүсіп хасс Хаджиб Баласағұн жазған болатын. Ол аталмыш еңбегін, Қашғар, Баласағұн және Хотанның билеушісі, болашақ Қарахандар династиясының билеушісі Тавгач Богра Қара хакан Абу Әли Хасан, Сүлейменнің ұлы, Арслан Қара хакан, яғни Боғра хан Харунға сыйға тартады (Qutadgu Bilik, 1984).

«Тазкира-йи Буғра-хан» шығармасы әу баста парсы тілінде жазылған, бірақ ілезде түрік тіліне аударылып, халық арасына кеңінен таралған шығарма ретінде танымал. Сонымен қатар аталмыш еңбектің парсы және түрік тілдерінде жазылған тізімдерінің халық арасына кеңінен тарауы, түріктілдестер мен парсытілдестер арасындағы тығыз руhани байланыстың болғандығын бірден бір дәлелдейтін шығарма. Себебі Орта Азия халықтары ислам дінін тек қана арабтар арқылы емес, ирандықтар арқылы қабылдағаны тарихтан белгілі. Әлі күнге дейін Орталық Азияның түрік тілдес халықтары «намаз», «пайғамбар», «жайнамаз» және т.б. діни терминдердің арабша нұсқасы емес, парсы тіліндегі нұсқаларын пайдалануы және бұл сөздердің бүгінгі қазақ тілінің төл сөздері болып қалыптасып кетуі орта ғасырлардағы ерте исламдану үдерісіндегі жаңа кезеңнің айқын көрсеткіші бола алады. Осы тарихи-мәдени және руhани қарым-қатынастарды қамтыған «Тазкира-йи Буғра-хан» шығармасын қай жағынан алып қарағанда да аса құнды жазба дереккөз ретінде бұдан алдыңғы ғасырларда басталған түрік-соғды симбиозының, яғни түріктер мен ирандықтар арасындағы жан-жақты қарым-қатынастың өзіндік бір жалғасы ретінде қарастыруға болады (А. Мунзави, 1967, 405 б.).

Орталық Азия халықтарының тарихында ислам дінінің тарауымен, араб, парсы және түрік тілдерінде көптеген тарихи, әдеби және діни шығармалар жазылып, кеңінен ел арасына тарала бастауы, осы аймақтағы тарихи-мәдени үдерістердің жаңа белеске өткендігін көрсетеді. Осы үдерістер барысында араб тіліне қарағанда парсы тіліндегі шығармалардың кеңінен танымалдылыққа ие болуын табиғи құбылыс деп қарастыруға болады. Орта ғасырларда, яғни XIII–XVI ғғ. парсы тілінің әсерімен түрік тілінде тамаша құнды шығармалар дүниеге келеді (Шаджара-ий атрак, Бабыр-нама, Шаджара-йи Әбулғазы және т.б.). Дәлірек айтқанда, осы ғасырларда жазылған парсы тіліндегі жазба деректер, Орта Азия халықтарының тарихын зерттеуде ерекше орын алады. Оған себеп болған басқа да тарихи оқиғалар тарих беттерінде тіркелген. Солардың бірі ретінде, Әмір Темір мен оның ұрпақтары билігінен соң, Орталық Азияда XV–XVI ғғ. пайда болған жаңа мемлекеттердің бас көтеруін қарастыруға болады. Жаңадан іргесі қаланған мемлекеттердің ішінде Қазақ хандығы да бар болатын. Қазақ хандығының құрылуы мен оның алыс-жақын елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуы орта ғасырлардағы түріктілдестер мен парсытілдестер арасындағы тарихи-мәдени, саяси, экономикалық, дін және тіларалық үдерістердің жаңа кезеңін көрсетеді.

Жалпы алғанда, XVI–XVII ғғ. Орталық Азиядағы тарихи-мәдени үдерістер салыстырмалы түрде аз зерттелген тақырып. Тарихи оқиғалар зерттелгенімен, оның арғы жағындағы мәдени байланыс қамтылмай отырған. Сондықтан аталмыш ғасырлардағы Орталық Азиядағы тарихи-мәдени үдерістерді қазақ хандары, Шайбани әулетінің билеушілері мен сефевидтік Иран билеушілері арасындағы дипломатиялық хат алмасу шеңберінде қарастыру, осы дәуірлердің басты ерекшелігі болып табылады.

Орталық Азия тарихындағы дипломатиялық хат алмасулар тақырыбы – соңғы ғасырда ғана көтеріле бастаған тың тақырып. Алғашында ирандық тарихшылар осы тақырыпты көтерген. Бірақ XX ғасырдағы Иран тарихында үш бірдей тарихи маңызды оқиғалар орын алғандығын ескере отырып (1. 1924 жылы Қажарлар әулеті құлап, оның орнына Пеhлеви әулеті билікке келеді. 2. 1960 жылдардан бастап Иранда төңкерістер легі басталады. Иранда ұзақ жылдар билік құрған патшалық билік біржолата құлап, орнына жаңа Иран Ислам Республикасы орнайды. 3. 1980–1988 жылдар аралығында АҚШ-тың итермелеуімен Иранмен шекаралас жатқан мұнайлы аймаққа ресми Ирак басып кіреді.), бұл тарихи маңызды оқиғалардың ғылыми жұмыстарды ғана емес, бәлкім елдің жалпы дамуын тежеген басты оқиғалар болғандығын ескерген абзал. Сондықтан Иран патшаларының көршілес елдердің билеушілерімен ресми дипломатиялық хат алмасуы арнайы тақырып ретінде өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап қолға алынып,ирандық тарихшылар осы тақырыпты арнайы зерттей бастайды. Солардың бірі Әбдул Хусейн Навоидің «Шах Исмаил Сафави: аснад ва мукатибат-и тарихи хамрах ба йад даштха-йи тафзили» және «Шах Тахмасб Сафави: аснад ва мукатибат-и тарихи хамрах ба йад даштха-йи тафзили» атты еңбектері болып табылады және бұл еңбектер шығыс дипломатиясын зерттеуге тыңнан жол ашып берген бірегей

еңбектер қатарынан табылады (Абдул Хусейн Навои, Шах Исмаил Сафави, 1986; Абдул Хусейн Навои, Шах Тахмасб Сафави, 1988). Иранда, бәлкім әлемде бірінші рет дипломатиялық хат алмасуларды арнайы зерттеу жұмысы аталмыш еңбекпен басталып, соңынан бірнеше маңызды еңбектер жазылады. Бірақ әлі күнге дейін барлық ирандық авторлар, оның ішінде шетелдік авторлар Әбдул Хусейн Навоидің еңбектерін айналып өтіп кеткен емес. Бірақ, айта кетер бір жай Әбдул Хусейн Навои өз еңбектерінде барлық дипломатиялық хаттарға ирандық мүдде тұрғысынан қарағандығын ескеру қажет. Бұл тақырыпты сефевидтер әулеті Иранда билік құрған кезде Иранның жаулап алған Қапқаз елдері, атап айтқанда Гүржістан, Әзербайжан мен Арманстан елдерінің ғалымдары бірінші болып қарастыра бастағанына куә боламыз. Солардың ішіндегі тыңғылықты және жан-жақты қамтылған еңбектердің бірі А. Фарзалиев пен Р. Мамедовалардың «Сефевиды и Великие Моголы в мусульманской дипломатике» (2004 ж.) атты монографиясы. Бұл зерттеуде мұсылман дипломатиясының сол кездегі барлық тарихи, саяси, экономикалық, мәдени, тілдік және діни мәселелерді реттеп отыруға тигізген әсері мен Орталық Азия, Моғол патшалары, Осман империясы, сефевидтік Иран мен Қавқаз елдері арасындағы тарихи-мәдени үдерістердің дамуынан алатын орны жан-жақты қамтылған. Орта ғасырлардағы халықаралық қатынастарға өзіндік үлес қосқан және шығыс дипломатиясынан орын алатын қазақ дипломатиясы тақырыбы, аталмыш дәуірдегі сыртқы факторлардың ішкі факторларға тигізген әсерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, Қазақ хандығы тұсындағы қазақ хандары мен Шайбанилер әулеті билеушілерінің сефевидтік Иран шахтарымен дипломатиялық хат алмасулары Орталық Азия тарихындағы тарихи-мәдени үдерістердің жаңа кезеңін ашып берді деуге толық негіз бар. Осы дәуірлерде жазылған әрбір дипломатиялық хат түріктілдес халықтар мен ирантілдес халықтар арасындағы саяси, экономикалық, сауда, мәдени, діни және дипломатиялық қарым-қатынастың қандай деңгейде болғандығы мен қалай жүзеге асырылғандығы туралы сыр шертеді. Сонымен біз осы мақаламызда, бұрындары арнайы тақырып ретінде зерттелмеген, Орталық Азия тарихында орын алған тарихи-мәдени үдерістердің жаңа аспектілерін айқындап беруге талпыныс жасадық.

ӘДЕБИЕТ

Codini, Francfort, Rapin, Vallee-Raewsky, 2010 – Giorgia Benedetta Codini, Henry-Paul Francfort, Claude Rapin, Julie Vallee-Raewsky. Pasteurs et nomades des piemonts et des steppes // Dossiers d`archeologie, n. 341 / sept.-okt. 2010. 36-39 бб.

Berdimuradov, Mantellini, 2010 – Amreddin Berdimuradov, Simone Mantellini. Le Chateau de Kafyr-Kala du haut Moyen Age a l`epoque islamique // Dossiers d`archeologie, n. 341 / sept.-okt. 2010. 47 б.

Sims-Williams, 2009 – Sims-Williams N. The Sogdian Inscriptions of Kultobe: Text, Translation and Linguistic Commentary // Труды Центрального музея. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. – 153-172 бб.

De La Vaissiere, 2004 – Vaissiere de la E. Histoire des marchands sogdiens. – Paris: College de France, Institut des Hautes etudes chinoises, 2004. – 376 б.

De La Vaissiere, 2010 – E. de La Vaissiere. L`arc et la soc. La richesse sogdienne // Dossiers d`archeologie, n. 341 / sept.-okt. 2010. 48-50 б.

Qutadgu Bilik – Yusuf haş hajib Ḱutadoıu Bilik. millətlər nəxriyati. – Urumqui, 1984.

Grenard, 1900 – Grenard F. La legende de Satok Boghra Khan et l`histoire // JA, ser. 9, t. XV, 1900. P. 5-79.

Abdul Husein Navay, Shah Ismail Safavi: asnad va makatibat hamrah ba yad dashthaye tafzili. – Tehran: Arghavan, 1986.

Abdul Husein Navay, Shah Tahmasb Safavi: asnad va makatibat hamrah ba yad dashthaye tafzili. – Tehran: Arghavan, 1988.

Farzaliev A., Mamedova R. Sefevidy i Velikie mogoly v musul`manskoy diplomatii. – SPb: izdatel`stvo institute vostokovedeniya, 2004.

Tuyserkani K.. Namehay-i Rashid ad-din Vatvat va muga. – Tehran: Argavun, 1338/1958.

Г. А. Камбарбекова, К. У. Торланбаева

КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ
(*исторический обзор*)

По мнению авторов статьи культурно-исторический процесс отражает наиболее характерные для региона этапы исторического развития, отличительные и характерные черты развития общества. Объективная потребность в научно-теоретическом осмыслении опыта взаимодействия тюркских народов в историческом прошлом в Центральной Азии актуализирует исследовательскую работу отечественных историков. В статье дается обзорный анализ культурно-историческим процессам, охватившим динамичное и целостное развитие различных сторон жизнедеятельности народов Центральной Азии: политическая, этническая, экономическая история, культура, религия и мировоззрение.

G. A. Kambarbekova, K. U. Torlanbayeva

CULTURAL-HISTORICAL PROCESSES IN THE CENTRAL ASIA
(*historical review*)

According to authors of article cultural-historical process reflects the stages of historical development most typical for region, distinctive and characteristic lines of development of a society. The objective requirement for scientific-theoretical judgement of experience of interaction of the Turkic people for the historical past for the Central Asia staticizes research work of domestic historians. In article the survey analysis is given to the cultural-historical processes which have captured dynamical and complete development of the various parties of ability to live of the people of the Central Asia: political, ethnic, economic history, culture, religion and outlook.